

Кімге: Шымкент қаласының әкімі Сыздықбеков Ғабит Әбдімәжитұлына
Кімнен: Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасының қаржыландыру бөлімінің бас маманы Кенжетай Арайлым
Орындау күні: 08.10.2024

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Шымкент қаласындағы спорттық инфрақұрылым мәселелері.

Кіріспе Бүгінгі таңда, Шымкент қаласында жалпы 33 спорттық ұйым жұмыс жасайды. (оның ішінде: 16 Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, 1 мүгедектігі бар адамдарға арналған спорт мектебі, 3 Жоғары спорт шеберлігі мектебі, 1 Олимпиада резервін даярлау орталығы, 2 кәсіби спорт клубы, 3 спорт клубы, 1 дәрігерлік диспансер, 1 спорт ғимараттар дирекциясы, 1 су-спорт кешені және 4 Мемлекеттік жеке әріптестік аясындағы спорт нысандары). Алайда спорттық нысандар тапшылығы қаламыздағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Негізгі бөлім. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы жария еткен «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында: «Бұқаралық спортқа, дене тәрбиесіне және балаларға басымдық беру керек. Әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу қажет», - деп атап өткен болатын. Ал Президент баспасөз хатшысы дене шынықтыру пен бұқаралық спортты дамыту жөнінде 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылданғанын жазды. Елімізде дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатындар саны 5,9 млн адамға жетті, оның 560 908-і – балалар мен жасөспірімдер. 127 703 спорт секциясы, балалар мен жасөспірімдерге арналған 477 спорт мектебі, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің 686 дене шынықтыру клубы жұмыс істейді. Балалар мен жасөспірімдер дене шынықтыру клубтары мен дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерінің желісі кеңейтілді. Білім берудің барлық деңгейінде дене тәрбиесі сабақтарында ұлттық спорт түрлері бойынша міндетті компоненттер енгізілді. Әрбір ауылдық округ үшін спорт жөніндегі 3 мың нұсқаушы белгіленді [1].

Шымкент қаласының жоғары спорттық жетістіктер бойынша 2023 жылдың 12 айдағы жеткен нәтижелер туралы айтар болсақ, қала спортшылары спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаттарына қатысып, **653 алтын, 512 күміс, 598 қола** медаль жеңіп алды. Жалпы **1763** медаль.

Азия чемпионаттарында қала спортшылары **90 алтын, 84 күміс және 77 қолаға** қол жеткізсе (*жалпы 251 медаль*), осы уақыт арасында **Әлем чемпионаттарында 54 алтын және 56 күміс, 61 қола** және **Әлем Кубогында 24 алтын, 14 күміс, 15 қола** медальға ие болды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша: **3** ҚР еңбегі сіңген спорт шебері, **32** халықаралық дәрежедегі спорт шебері, **122** Қазақстан Республикасының спорт шебері, **412** спорт шеберіне үміткер спортшылар дайындалды. Қазақстан Республикасының Ұлттық құрама сапына ересектер құрамасына **427**, жастар құрамасына **353**, жасөспірімдер құрамасына **331** спортшымыз енген. Жалпы **1111** спортшы.

2023 жылдың 23 қыркүйегі мен 8 қазан аралығында Ханчжоу қаласында (Қытай) XIX жазғы Азия ойындары өтті. Азия ойындарына Қазақстан Республикасының құрамасы сапында Шымкент қаласынан спорттың 23 түрінен 66 спортшы қатысып 5 алтын, 10 күміс, 11 қола жеңіп алды. Сонымен қатар, 22-28 қазан аралығында Ханчжоу қаласында (Қытай) IV Пара Азия ойындарына Шымкент қаласынан 5 спортшы қатысып, 2 қола медалмен елге оралды.

2023 жылдың 04 - 14 тамыз аралығында Минск қаласында (Беларус) өткен 2-ші ТМД елдерінің ойындарында Шымкент қаласы спортшыларының жетістіктері **1-алтын, 2-күміс және 6-қола** медаль жеңіп алды. 2023 жылдың 28.07-08.08 аралығында Чэнду қаласында (Қытай) өткен 31-ші Дүниежүзілік Универсиадада Шымкент қаласы спортшыларының жетістіктері **5-күміс және 3-қола** медальға қол жеткізді. Спорттың 27 түрінен өткен Қазақстан Республикасының 6-шы жазғы Спартакиадасында Шымкент қаласы **72 алтын, 63 күміс, 55 қола**, жалпы 190 медальмен жалпы командалық есепте 2-орыннан көрінді.

Алда, 2024 жылғы 26 шілде – 11 тамыз аралығында Париж қаласында (Франция) өтетін XXXIII жазғы Олимпиада ойындарына Шымкент қаласының спортшыларының лицензия және медаль алуы бойынша жоспары жасалған. Бүгінгі таңда, Олимпиада ойындарына 10 спортшымыз жолдама жеңіп алды. Алдағы уақытта, нысана көздеу, грек-рим күресінен, көркем гимнастикадан, құзға өрмелеу спорт түрлерінен спортшыларымыз Олимпиада ойындарына жолдама үшін жарысқа қатысатын болады. Жоспар 10 жолдама болатын. Спорттық мекемелерде спорттың 74 түрі дамытылады (37 олимпиадалық, 28 олимпиадалық емес және 9 ұлттық спорт түрлері). Сондай-ақ, 18 490 спортшымен (олимпиадалық спорт түрімен – 12481, қысқы спорт-338, олимпиадалық емес – 4008, ұлттық спорт түрі – 1322, мүгедектігі бар спортышалар – 341 (пара-72, сурдо-153) штаттағы 912 жаттықтырушы (олимпиадалық спорт – 638, ұлттық – 69, олимпиадалық емес-182, мүгедектігі бар - 23) оқу-жаттығу сабақтарын жүргізуде.

Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының тізбесінде спорт саласы бойынша 4 нысаналы индикатор қарастырылған.

Олар:

1. Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың санын жалпы халықтың 50% - ына дейін жеткізу.
2. Халықтың 1000 адамға арналған спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі

3. Дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын, дене шынықтырумен және спортпен айналысуға қарсы көрсетілімдері жоқ мүмкіндігі шектеулі адамдар қатарындағы ерекше қажеттіліктері бар халықтың үлесі

4. Жастарды спортпен қамту (14-18 жас).

Спорт нысандарына қажеттілік: Бүгінгі таңда, қаламызда бірқатар спорт ғимараттарының қажеттілігі туындап отыр. Атап айтар болсақ:

- Жаңа футбол стадионының құрылысы;
- Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға Паралимпиадалық, сурдлимпиадалық спорт кешенінің құрылысы.
- Шымкент сити шағын ауданында көпфункционалды «Шымкент арена» спорт кешенінің құрылысы.
- 5 ауданда дене шынықтыру сауықтыру кешендерінің құрылысы.

Ұсыныс: Қала аумағынан бос жер телімін анықтап, жобалық сметалық құжаттамасын әзірлеу. Спорт нысанның құрылысына бюджеттен немесе демеушілер есебінен қаржы қарастыру. Жаттықтырушыларға штат бірліктерін санын арттыру керек. Халықаралық деңгейдегі ауқымды спорттық жарыстарды өткізуге және қала тұрғындарын спорттық секциямен (*жекпе-жек спорт түрлері, жүзу спорты, ойын түрлері спортын дамытуға арналған*) қамтамасыз етуге арналған көпфункционалды спорт кешендер салу. Қазіргі уақытта, Қаратау ауданы, Тұран шағын ауданы, Абай ауданы, Еңбекші ауданында, Өл-Фараби ауданында жер телімі қарастырып, жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуді жүзеге асыру [2].

Қорытынды: Шымкент қаласы еліміздегі спорт нәтижелері бойынша үздік региондардың бірі болғанымен, спортшыларымызға жағдай жасалмағаны байқалады. Спорттық нысандар оның ішінде басты фактор.

Қолданылған әдебиеттер мен сілтемелер:

1. <https://ult.kz/post/prezident-tapsyrmasy-bilim-beruge>
2. https://www.instagram.com/shymkent_sport_baskarma/